

# ЕҢ ҮЗДІК МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ



Жас жеткіншектердің тәрбиелі де білімді болып, еліміздің мақтанышына айналуына біздің Ақмола облысы Көкшетау қаласында орналасқан «№7 «Айша» балабақшасы ұжымы да өзіндік үлесін қосуда. Ол 2010 жылы 15 желтоқсанда Тәуелсіздік мерекесі қарсаңына орай ашылды. Мекемеде 16 топта жұмыс жүргізіледі, оның ішінде жалпы топтармен қатар балалардың денсаулығын нығайтуға арналған санаторлы топтар мен тіл мүкестігін түзейтін логопедтік топтар бар. Балабақшада 350 бала тәрбиеленуде.

**Қ**азіргі таңда балабақшаны басқарып отырған меңгеруші: Бану Набиқызы Нұпилова.

Балабақшада ашылған күннен бастап баланың жас ерекшеліктеріне сай оқу – тәрбие процесін жүргізуге дамытушы орта құрылған: орыс тілі, өзін – өзі тану, компьютер оқыту, психолог, логопед, дефектолог кабинеттері, музыка және спорт зал, қысқы бақ, бас-



сейн, әдістемелік және медициналық – сауықтыру қызметі бойынша арнайы бөлмелер жұмыс жасап келеді. Залдар, кабинеттер, топ бөлмелері жұмыс істеуге қолайлы, санитарлық нормаға және эстетикалық талғамға сай, замануи құрал-жабдықтармен, жиһаздармен жабдықталған.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай балабақша педагогтары күнделікті сабақтарына жаңа технологияларды енгізе отырып өткізеді. Атап айтатын болсақ, дамыта оқыту, ойлап табу, ақпараттық, ұжымдық, ТРИЗ, жобалап оқыту технологияларын, М. Монтессори әдістемесін, тақырыпты интерактивті папка «лэпбукты» пайдалануда.

**«Барлық балаларға бірдей мүмкіндік!» – ұстанымын алға қойсақ, балабақша бүгінгі таңда облыс көлемінде мектепке дейінгі тәрбие мен білім жүйесінде инклюзивтік білім берудегі тәжірибені енгізу бойынша модельді ресурстық орталық болып табылады.**

2011 жылдың ақпан айынан бастап Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізінде Ақмола облысы бойынша алғаш рет №7 «Айша» балабақшасында мүмкіндіктері шектеулі қала және балабақша балалары үшін психологиялық–педагогикалық коррекциялау және инклюзивті білім беру кабинеті ашылып, кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсетіліп келеді. Осы жылдар ішінде Көкшетау қалалық ПМПК жолдамасы бойынша 517 мүмкіндігі шектеулі балалар мамандардың көмегін алуда.

**2016-2017 оқу жылында №7 «Айша» балабақшасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнап ұйымдастырылған «Ең үздік мектепке дейінгі ұйым» атты қалалық және облыстық байқауына қатысып, Гран-приді иеленді.**

Республикалық «Балалық шақ» орталығы ұйымдастырған «Ең

үздік мектепке дейінгі ұйым» атты (сырттай) республикалық байқауда №7 «Айша» балабақшасы Алғыс хатпен марапатталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі ең үздік» электронды фотоальбомына 4 педагог (Б.Н. Нупилова, А.А. Бимендина, А.Т. Боранбаева, Б.А. Шингожина) және «Ең үздік мектепке дейінгі ұйым педагогы» атты альбомға 9 педагог енді. Олар: Б.Н. Нупилова, А.А. Бимендина, А.Т. Боранбаева, Б.А. Шингожина, Т.Е. Можебаева, Б.Ж. Кибатова, М. Бахытжан, А.С. Нурбекова, И.М. Баязитова.

#### АННОТАЦИЯ ○

Детский сад «Айша» г. Кокшетау удостоился Гран-при смотра «Лучшее дошкольное учреждение Акмолинской области за 2016-2017 учебный год». За этим стоит вдохновенный труд дружного коллектива во главе с Бану Нупиловой.